

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Биржалық кеңесінің шешімімен  
(2012 жылдың 14 мамырындағы  
№ 09 отырыс хаттамасы)

**Б е к і т і л д і**

## Клирингтік алымдар туралы ҚАҒИДА

---

---

Алматы қ.  
2012

Осы Қағида, клирингілік қатысушылар төлейтін, клирингілік алымдардың көлемін, төлеу тәртібі мен мерзімін, сондай-ақ, қатысушылардың клирингілік алымдарын төлемеуі, толық төлемеуі немесе уақытылы төлемеуі үшін жауапкершілігін анықтау мақсатында әзірленген.

**1 бап. Жалпы қағидаралар**

1. Биржа қаржы құралдарымен, көп тарапты неттингті қолданумен, жасалған мәмілелер бойынша клирингілік жүзеге асырғаны үшін клирингілік алым алады.
2. Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік жүзеге асыру қызметі үшін төленетін клирингілік алымның көлемі осы құжаттың 1 Қосымшасында анықталған.
3. Биржа клирингілік қатысушыларға клирингілік алымдар көлемінің өзгеруі туралы, оларды қолданысқа енгізу датасынан кемінде он жұмыс күн бұрын, Биржаның интернет-сайтында жаңалық пен тиісті ақпараттарды орналасту арқылы хабарлайды.
4. Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асырғаны үшін клирингілік алымдар бойынша міндеттемелер, Клирингілік жүйе есептерінде берілген нұсқасы бойынша, клирингілік қызметтің нәтижесі бойынша Есепте көрсетілген.
5. Осы Қағидада қарастырылмаған немесе анықталмаған сұрақтар, үдерістер және тарифтер, Биржаның ішкі құжаттары мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, шешіледі және анықталады.
6. Осы Қағидада қолданылған ұғымдар, Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру Ережелерінде, сондай-ақ Биржаның өзге де ішкі құжаттарында анықталған ұғымдарға ұқсас.

**2 бап. Клирингілік алымдарды төлеу тәртібі**

7. Биржа күн сайын клирингілік қатысушыларға Клирингілік қызметінің нәтижелері туралы Есепті жолдап, ағымдағы сауда-саттық күніндегі клирингілік алымның көлемі туралы ақпараттандырады.
8. Клирингілік алымдарды клирингілік қатысушылар ай сайын төлейді.
9. Биржа клирингілік қатысушыларға клирингілік алымдарды төлеуге шотын жолдайды, бұл шоттарды клирингілік қатысушылар, аталмыш шот ұсынылған күннен кейін бес жұмыс күн аралығында, төлеуі тиіс.

**3 бап. Клирингілік алымдарды толық немесе уақытылы төлемегені үшін жауапкершілік**

10. Клирингілік қатысушылар клирингілік алымдарды толық немесе уақытылы төлемеген жағдайда, Биржа, осы Тәртіптің 9 тармағында белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін, осы клирингілік қатысушыдан өсімақы түрінде тұрақсыздық төлемін өндіруге құқылы, оның көлемі:

$$P = S \cdot 0,1 \cdot D, \text{ мұнда:}$$

P – өсімақы;

S – төленбеген алымдардың сомасы;

D – төлеу мерзімін бұзған күннен бастап (осы күнді қоса есептеп) бұл тәртіп бұзушылықты жойған күнге дейінгі күнтізбелік күндер саны.

Осы тармақтың бірінші абзацында аталмыш тұрақсыздық төлемін төлеу клирингілік қатысушыны клирингілік алымдарды төлеу міндеттілігінен босатпайды.

11. Клирингілік қатысушы клирингілік алымдарды толық немесе уақытылы төлемеген жағдайда, клирингілік қатысушыға клирингілік алымдарды төлеуге шот ұсынылған күннен кейін он жұмыс күн өткен соң, Биржа Басқармасы осындай клирингілік қатысушыны мәртебесінен айыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Клирингілік алымдар туралы қағидаға  
№ 1 қосымша

Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру  
бойынша клирингілік алымдардың көлемі

№	Қызмет атауы	Клирингілік алымның көлемі	Сауда-саттықты ұйымдастырушының атауы
1.	Орталық контрагенттің міндеттерін атқарумен, деривативтер нарығындағы клиринг	әр мәміленің сомасынан 0,001 %	"Қазақстан қор биржасы" АҚ
2.	Орталық контрагенттің міндеттерін атқарусыз, валюталық нарықтағы клиринг	жоқ	"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Президент

Қ.Қ. Дамитов